Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2024 жыл / год
26 сәуір / апрель
№16 (64529)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.каз / www.astrahan.gov.kz

## ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**«AMANAT» партиясы «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында ауданымыздың орталығы мен су тасқыны бойынша зардап шеккен Старый Колутон, Еңбек ауылдары азаматтарды қабылдап, азаматтарға құқықтық көмек көрсетті.**



Азаматтарды мәселелерімен «AMANAT» партиясының облыстық филиалы төрағасы Берген Беспалинов, Ақмола облысы мәслихатының төрағасы Бейбіт Жүсіпов, аудан әкімі Талғат Ерсейітов, Целиноград ауданаралық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ардақ Магауов, қорғаушы Әлия Уразалина, жеке сот орындаушысы Балқадиша Байжиенова, нотариус Серікпай Елеупов және басқалары қабылдады.

Шара халықтың құқығын қорғауды көздейтін «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында жүзеге асып отыр. Мұнда сотқа дейінгі іс жүргізуден бастап сот шешіміне дейін өтініш білдірген азаматтардың мүддесі қорғалады.



«Құқықтық көмек» жобасы аясында жиі кездесетін қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Қабылдауда көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша заң көмегін ала алады.

Аудан орталығында өткізілген қоғамдық қабылдау келгендердің көбі тұрғылықты үй құжаттарының проблемалары болды. Ал су тасқынынан зардап шеккен Старый Колутон және Еңбек ауылдарының азаматтарының көбісі үй мәселелері бойынша жүгінді. Тұрғындар тарапынан әлеуметтік және жер салаларына қатысты мәселелер бойынша тиісті жауаптар берілді.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде «Таза Қазақстан» ауқымды науқаны басталды. Ауылдар мен қалаларда сенбіліктер, экологиялық акциялар, флешмобтар, ағаш отырғызу өткізіледі. Көшелер, аулалар, аудандар келбеті өзгеруде. Сенбіліктер мен бірлескен тазалық акциялары адамдарды біріктіреді, көңіл-күйімізді көтереді, бізді мейірімді етеді. Алайда тазалық-бұл әкімдердің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Қазақстан - біздің ортақ Отанымыз, тек шенеуніктер ғана емес. Сондықтан тәртіп пен тазалықты бірге бақылауымыз керек. Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтай отырысында атап өткендей: «Елдегі тәртіп біздің әрқайсымыздан басталады, егер сіз әлемді шынымен жақсы жаққа өзгерткіңіз келсе, ең қарапайым нәрседен бастаңыз: үйде жайлылық жасаңыз, жұмыс орнында, кіреберісте, ауланы тазалаңыз, қоғамда өзіңізді дұрыс ұстаңыз».

«Таза Қазақстан» жарияланған абаттандыру науқанын қолдай отырып, аудандық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес құрамы атынан үй маңындағы аумақтарды тазалауға, сүйікті ауылдарымызды таза ұстауға шақырамыз!

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

27 апреля 2024 года в 10.00 часов по всей Республике Казахстан в рамках акции «Таза Қазақстан» будет проводится единый экологический субботник по благоустройству территорий.

Приглашаем всех жителей принять активное участие в субботнике и сделать наши села чистыми, благоустроенными и красивыми.

Напоминаем, что лица, нарушающие санитарные правила, будут привлечены к административной ответственности согласно статьи 505 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» нарушение правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов влечет предупреждение или штраф.

В связи с этим, просим вас очистить придомовые территории от мусора, привести в порядок строения, а так же поддерживать прилегающую территорию в надлежащем санитарном состоянии.

## ЖЕНЩИНЫ ПРОТИВ НАСИЛИЯ

***24 апреля 2024 года, в зале районного акимата отдел внутренней политики совместно отделом полиции, провели встречу с женщинами на тему бытового насилия.***





Встреча была проведена инспектором ПЗЖН ОМПС отдела полиции Астраханского района старшим лейтенантом полиции Наргиз Киюбек. Она рассказала женщинам о внесении изменений и дополнений в Закон, по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей. Ознакомила с информацией о совершенных уголовных и административных правонарушений в отношении женщин и детей на территории Астраханского района. Были показаны видеоролики с информацией, что необходимо делать в случаях бытового насилия. Объяснила женщинам об универсальном сигнале о помощи, который жертва может использовать для привлечения внимания, если нет возможности попросить о ней прямым текстом. Наргиз Киюбек также донесла всем присутствующим в зале информацию о способах передачи другим людям сообщения о сложной ситуации, в которую попали.

Так же здесь на встрече выступила психолог Астраханской средней школы Плеханова И.Л. В своем выступлении она рассказала о психологическом насилии женщин в семье и как страдают от этого дети. Мероприятие закончилось обращением к женщинам, что к бытовому насилию не нужно быть терпимым, а необходимо рассказывать об этом и пресекать насильственные действия по отношению к женщинам и детям.

**Ирина Горбатенко (фото автора).**

## ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

1 мамыр күні сағат 10.00-де Астрахан ауылының аудандық мәдениет үйінің алаңында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шаралар, концерт өтеді.

1 мамыр күні сағат 10.00-де Астрахан ауылының орталық стадионында футбол маусымының ашылуы (1-кезең).

3 мамыр күні сағат 10.00-де еңбек ардагерлері арасындағы шахмат-дойбы сайысы.

6 мамыр күні сағат 11.00-де аудандық мәдениет үйінде Отан қорғаушылар күніне арналған «Жас ұландар - мақтанышы елімнің!» мерекелік концерті.

7-9 мамыр сағат 10.00-де Астрахан ауылының орталық стадионында футбол маусымының ашылуы (2-кезең және финал).

9 мамыр күні сағат 10.00-де Астрахан ауылының орталық алаңында Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқандар ескерткішіне гүл шоқтарын қою және Жеңіс күніне арналған мерекелік концерт.

9 мамыр өлмес полк (онлайн).

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ РАЙОНА!

1 мая в 10.00 часов на площади у районного Дома культуры села Астраханка праздничные мероприятия, концерт посвященные Дню единства народа Казахстана.

1 мая в 10.00 часов на центральном стадионе с.Астраханка открытие футбольного сезона (1-этап).

3 мая в 10.00 часов в районном Доме культуры шахматно-шашечный турнир среди ветеранов труда.

6 мая в 11.00 часов на площади в районном Доме культуры праздничный концерт, посвященный Дню защитника Отечества «Жас ұландар - мақтанышы елімнің!»

7-9 мая 10.00 часов на центральном стадионе с.Астраханка открытие футбольного сезона (2-этап и финал).

9 мая в 10.00 часов на центральной площади с.Астраханка возложение цветов к памятнику погибшим в годы Великой Отечественной войны и праздничный концерт, посвященный Дню Победы.

9 мая бессмертный полк (онлайн).

# ЕРІКТІ БОЛУ – ЕРЛІК

**Ерікті – өз еркімен ақысыз жұмыс жасап, қоғамдық жұмысқа белсене араласатын адам. Бұл бағыттағы жандар арасында жасы, жынысы, қаржылық жағдайы мүлдем маңызды емес. Бастысы ақадал, таза ниетті жан болса болғаны. Ондай жұмыспен арнайы топтың ішінде немесе жеке де айналысуға болады. Аясы кең еріктілік жұмыстарының әлеуметтік, экологиялық, спорттық, шаралық, медициналық секілді түрлері бар. Бүгінгідей еліміздегі ауыр жағдайлар кезінде еріктілер көмегі ауадай қажет. Олардың аз да болса жұмыла жасаған істері көптеген жанның өміріне, қауіптің алдын алуға жәрдем. Сондай еріктілердің бірі – Агробизнес және сервис колледжінің «Ашық жүрек» еріктілері.**



Ерікті дегеніміз - арнайы бір мақсатта құрылған ұйымдарға өз еркімен мүше болатын жандар. Қазақта «асар» деген сөз бар. Асар деп – ақы төлемейтін, төлемсіз топ адамның өзге адамға қол ұшын созуы. «Еріктілер» атқаратын қызмет пен асаршылар атқаратын қызмет тең екендігін байқауға болады. Яғни, еріктілер батыс елдерінде белгілі бір кішігірім топтармен бірігіп бастау алғанымен, елімізде бұрыннан келе жатқан дәстүрлі шара. Қазақ қоғамында үлкенге құрмет, кішіге ізет көресете білу еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейінгі атқарылуы тиісті парыз істердің бірі.

Адамдарға жақсылық ойлау, еріктілердің адами құндылықтарының қоғамда алатын орны, олардың адамзат үшін маңызы, ерікті ретінде биік жетістіктерге жететіндеріне сенім білдіру басты мақсат.

Еріктілік деген бұл әрбір жастың, әрбір азаматтың өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға кішкене болса да қосатын үлесі. Бұл – жастардың бойында азаматтық позицияны, патриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің Отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа.

Еріктілер қызметі бұл – көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты жәрдем. Қайырымдылық адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі және ізгіліктің анық көрінісі болып есептеледі.

Ерікті болу – жаңа әлемді ашып, білмегенді үйрену. Ол әлемде өз еркімен, риясыз жақсылық жасау жолында жүрген адамдардың бар екенін дәлелдейді. Ерікті болудың арқасында әрбір азамат еліне көмектесіп қана коймай, өзіне мүдделес серік табады. Уақытты еріктілікке жұмсау уақытты текке өткізу емес, тұлғалық дамуға құйылған ең қымбат инвестиция екені сөзсіз.

Қазіргі таңда еріктілердің елдің шынайы патриоты екенін, сол үшін де адал қызмет етіп жүргенін айтып, құрметтері шексіз. Белсенді азаматтық ұстанымдары мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізетіні сөзсіз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# КАНЫШ САТПАЕВ - ПЕРВЫЙ В КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКЕ

**Астраханская районная библиотека знакомит широкий круг пользователей с биографией выдающегося советского учёного - геолога, организатора науки и общественного деятеля, доктора геолого-минералогических наук (1942), профессора (1950), академика АН Казахской ССР (1946) и АН СССР (1946), первого президента Академии наук Казахской ССР – Канышем Имантаевичем Сатпаевым.**



Его биография началась 12 апреля 1899 года. Мальчик появился в Павлодарском уезде (Семипалатинская область) в семье уважаемого и образованного бия (главы аула) Имантая и его второй жены Алимы.

Начальные знания Каныш получил в школе родного аула, затем было русско-казахское училище в Павлодаре, которое с отличием окончил в 15 лет. Новой образовательной ступенью Сатпаева стала Семипалатинская учительская семинария. Юноша готовился поступать в вуз, но начались проблемы со здоровьем: доктора обнаружили у молодого человека туберкулез. Этот недуг ранее омрачил детство Каныша — забрал жизнь матери, когда ему едва исполнилось два года. Пришлось отодвинуть планы и отправиться домой на лечение. Образованного 20-летнего юношу назначают председателем Казкультпросвета, избирают народным судьей в Баянаульском районе. Здесь в 1921 году произошло знакомство, которое дало иное направление всей жизни Каныша.

На лечение кумысом в эти края приехал ученый Михаил Антонович Усов. Он увлек юношу рассказами о значении полезных ископаемых. После этого Каныш стал студентом технологического института в Томске, где через пять лет получил диплом горного инженера. Работать отправился в Атбасарский трест, с которым связаны дальнейшие 15 лет его трудовой биографии. Сатпаев, изучая местность как геолог, по ряду признаков предположил, что запасы меди здесь большие.

Он открыл месторождение, которое было весьма перспективным. Но для его освоения требовалось расширить старый завод и создать вспомогательную инфраструктуру.

В начале Второй мировой войны в СССР возник острейший дефицит марганца. Каныш Имантаевич сделал предложение по освоению обнаруженных ранее запасов марганца в Джезды.

Даже кратко описанные этапы биографии ученого дают представление о масштабах его научной деятельности и о том, насколько велик был его вклад в развитие страны. Подробнее об этом расскажут такие достижения:

Открытие крупнейших запасов меди в Джезказгане. В результате исследовательских работ определено, что запасы меди на этой территории превышали два миллиона тонн. Англичане ранее оценивали их в 60 тысяч тонн. В то время разведанные запасы считались самыми крупными на планете. Обосновывая свою позицию, Сатпаев написал около 40 научных работ. Чтобы добраться до этих запасов, понадобились не только знания, но и энтузиазм, настойчивость ученого. Он в разных высоких инстанциях сумел убедить в своей правоте тех, кто принимал решения.

Каныш Сатпаев упорно проводил геологоразведочные работы, добился разрешения бурить скважины даже зимой. Для этого приходилось установки согревать в 40-градусный мороз, накрывая их юртой. Научная деятельность была оценена: в 1942 году ВАК присвоила ученому степень доктора наук в сфере геологии и минералогии.

При непосредственном руководстве Сатпаева составлялась карта полезных ископаемых Казахстана. Для этого разработали комплексный метод, составили рабочие макеты. Сам метод лег в основу нового направления в геологии — металлогении, а Сатпаева считают основателем этого направления и создателем особой «казахской школы» в геологии.

Центральный Казахстан испытывал острый дефицит воды, что замедляло экономическое развитие региона. Было предложено соорудить канал, чтобы перевести в эту область часть вод Иртыша. Как влиятельный ученый, Сатпаев продвигал этот проект в высших союзных инстанциях. Проект канала Иртыш — Караганда носит имя Сатпаева.

Научная деятельность Сатпаева не ограничивалась геологией, с которой связаны его основные труды. Есть в ней следующие интересные факты: Во время обследования местности в 1935 году он обнаружил камень с надписью, оставленной Тамерланом в XIV веке. Эта ценная археологическая находка находится сейчас в Эрмитаже.

Интересовали ученого каменные изваяния, которые встречались в степи, а также наскальные рисунки. В геологических экспедициях ученый записывал народные песни, поэмы. Он изучил и издал эпос «Едыге».

Занимаясь педагогической деятельностью, Сатпаев написал учебник. Это была алгебра для школьников. Ученый всегда испытывал гордость за свой народ.

Память о выдающемся ученом увековечена в названиях улиц, научных и учебных заведений, в стране есть город Сатпаев, а в космосе именем ученого названа планета.

Один из новых минералов получил название «сатпаевит». ЮНЕСКО участвовала в праздновании его 100-летнего юбилея.

Его коллеги особо отметили, что сегодня ВВП Казахстана формируется в значительной степени благодаря открытиям, которые сделал Каныш Сатпаев.

**Татьяна ХАБИБУЛИНА,**
**библиограф**
**Астраханской ЦБС.**

# КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**Конституция Республики Казахстан – основной закон Казахстана. Действующая конституция Республики Казахстан была принята на всенародном референдуме 30 августа 1995 года.**

В соответствии с Конституцией, Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. Республика Казахстан является унитарным государством с президентской формой правления.

Единственным источником государственной власти является народ, который осуществляет ее непосредственно через республиканский референдум, свободные выборы, а также путем делегирования своей власти государственным органом. Государственная власть осуществляется на основе Конституции и законов в соответствии с принципом ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви.

Конституции Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу : все законы, указы Президента, постановления правительства, другие нормативно-правовые акты всех государственных органов должны основываться на ее нормах и не должны противоречить им. Конституция имеет прямое действие на всей территории Республики : граждане вправе защищать свои права и свободы в суде и других органов, ссылаясь на соответствующие положения Конституции.

Международные договоры Республики Казахстан не должны противоречить Конституции.

**Ольга ОЧЕРЕТЯНЮК,**
**главный специалист Астраханского районного суда.**

# КӨПТІЛДІ МЕМЛЕКЕТПІЗ

**Мемлекеттік тілді нығайту жөнінде басқа тілдер мен азаматтарға нұқсан келтірмей және кемсітпейтін шаралар қолдануға тиіспіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарихы мен этникалық ерекшелігіне байланысты көптілді мемлекет екенін еске салған болатын.**

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, сіз де осыны естен шығармаңыз, қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға, бірақ басқа тілдерді кемсітпеуге және зиян келтірмеуге шаралар қолдануыңыз керек. Бұл басқа тілдерде сөйлейтін адамдар мен азаматтарға да қатысты айтылған.

«Мен өзім Біріккен Ұлттар Ұйымында жұмыс істедім, көп ұлтты мемлекеттерде бірлікті сақтаудың қаншалықты маңызды екенін білемін. Мен мемлекеттік тілді жетік меңгерген азаматтарымызға зор құрметпен қараймын. Мен бұл азаматтарды әр түрлі жолмен қолдау керек деп санаймын. Тілдерге қатысты ешқандай кемсітушілік жоқ, Конституция бұл сұраққа нақты жауап береді: еліміздің мемлекеттік тілі Қазақ тілі болып табылады, бірақ еліміздің Конституциясында мемлекетіміздің негізгі заңында орыс тілі де лайықты орын алады. Сондықтан осыны негізге алайық»,-деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде. Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттерде, әсіресе көп ұлтты мемлекеттерде ұлттық бірлікті сақтаудың өте маңызды екенін атап өткен болатын.

Тілдер туралы айтқанда, біз өз тарихымызға, этностық ерекшелігімізге орай Қазақстан көптілді мемлекет екенін және бұл біздің жақсы жағымыз, біздің активіміз екенін түсінуге тиіспіз. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін есте сақтауымыз керек және қазақ тілінің мәртебесін нығайту жөнінде шаралар қабылдауымыз керек. Бірақ басқа тілдерде сөйлейтін адамдар мен азаматтарды кемсіту мақсатында емес.

Тілге қатысты кемсітушілікке жол жоқ. Бұл сұраққа Конституция нақты жауап береді. Еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, бірақ орыс тілі де еліміздің Конституциясында лайықты орын алады. Ендеше осыдан бастайық.

**Арман ЖАПАРОВ.**

МЕРЕЙ ТОЙ

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН 80 ЖАСЫҢ ҚАЗИЗ АҒА



*Құтты болсын 80 жасың Қазиз аға,*
*Жар болсын жаратушы Хақ Тағала.*
*Ауырмай-сырқамай, ойнап-күліп,*
*Жүріңіз алдымызда өзің аға.*

*Көрдіңіз өмірдің сан қызығын,*
*Тілеймін өмірдің сізге ұзынын.*
*Жаныңда жарың Жібек аман болып,*
*Жүзге дейін қол ұстасып бірге жүргін.*

*Болсын аман алдыңызда ұл-қызыңыз,*
*Немере-аға біле білсең қызыңызды.*
*Сүйдіңіз Батырханнан немерені,*
*Бәрінен де біле білсең сол қызыңызды.*

*Болсын аман бірге туған қарындасың,*
*Болсын аман Алтынай мен Нұрланың.*
*Тілегім сізге деген тұзу аға*
*Болсын аман Айгүл және жас келінің.*

*Тәрбиесін алдың аға ата-анаңның,*
*Ақтадың еңбегін сіз солардың.*
*Абыройлы азамат боп тіршілікте,*
*Алдыңыз талай жанның көп батасын.*

*Ағайын-туысқа аға ерекшесің,*
*Үлкенге-кішіге сіз бөлексің.*
*Сыпайы, ерекше мінезіңмен*
*Табасың тілін аға талай жанның.*

*Істедің тірлігіңде сан қызмет,*
*Жаратушы жар болып бір құдірет.*
*Ерекше жан болыпсыз ортаңызда,*
*Білгендер сізді бүгін мақтан етеді.*

*Жасыңызды берсін аға кейінгіге,*
*Қонақпыз бәріміз бұл өмірге.*
*Қызығын бала-шаға бірге көріп,*
*Жүрейік осынау байтақ елде.*

*Су іштің шөбереңің сіз қолынан,*
*Жаратушы жар болып бір жасаған.*
*Әлі де талай шөбере көріңізші,*
*Жасың асып Құдай берсе 90 жастан.*

*Болсын аман шөбере Досқаныңыз,*
*Таусылмасын көрер алда қызығыңыз.*
*Жібек екеуің жетектеп Досқанды аға*
*Той томалаққа бір барыңыз.*

*Атадан екі ұл едің, Құдай берген,*
*Бірде ерте, бірде кеш өмір деген.*
*Ініңіз Қомар да ғажап жан еді,*
*Тіл табысып жүретін кіл көппенен.*

*Артында қалған тұяғы аман болсын,*
*Ізі ғой ұлы оның Жалғас соның.*
*Өскелең бала-шағасы аман болып,*
*Өзіңмен аман-есен бірге жүрсін.*

*Сіз аға алтынның ұнтақ сынығындай,*
*Жар болсын жаратушы Жапар құдай.*
*Кейінгіге берген батаңа қабыл болып,*
*Дарысын ұрпағыңа кілең Ұдай.*

*Жасыңыз 90 асып 100-ге келсін,*
*Ұрпағың аға соны көрсін.*
*Тіршілік болса, аға, біз де көріп,*
*Жаныңда інілерің бірге жүрсін.*

**Досым СЕРІК.**

## СЕРІКБАЙ ДОСЫМҰЛЫ 75 ЖАСТА

МЕРЕЙТОЙ

**Серікбай ағамызды көптен бері білемін. Жүзі жарқын, жайдары адам. Бұл адам осы Астрахан ауданына Торғай өлкесі, Аманкелді ауданынан 1996 жылы 1 қазанда ауданымыздың Жалтыр еліне көшіп келіпті. Ағамыздың туған жері Қызқылықты «Қызбел» тауымен шекаралас, жер төресі Ұзынқоға жері екен. Сол елде 1949 жылы 25 сәуір дүниеге келіпті.**

Әкесі Досым қарапайым шаруа адамы болған. Әкесі бір әкеден жалғыз тұяқ екен. Немере ағалары болған. Әкесі 7 жасында, шешесі 3 жасында қайтыс болып, немере ағаларының тәрбиесінде болады. 6-7 жастан қозы бағып, отын-жарық күнін көреді. Сол заманның ауыр кезінде ағалары оқуға бермеген. Еш қағаз танымаған. Өсе келе бір байдың қойын бағып, күнін малмен атырып, күнді малмен батырған. Әкесі 1900 жылғы зұлмат 32-нің аштығын басынан өткерген. Сол жылдары немере туыстары көз жұмған. Жалғыздың жары құдай деп, сол аштықтан тірі қалған. Әкесі әнші, көкпаршы, құйма құлақ, айтқанды жаттап алатын алғыр кісі болған. Және батагөй адам еді. Маған жас кезімде жырдастандарды оқытып, Ер тарғын, Қобыланды батыр және тағы да басқа көптеген дастандарды жаттап алатын сондай алғыр еді.

Әкесі бір сөзінде «Қалқам, басымнан талайды өткердім. Ұлы Отан соғысына қатыстым. Біз 14 бала бір ауылдан бір күнде соғысқа аттандық. Бізді Аманқарағай деген станцияға тиіп, Белоруссия деген дерге апарды. Екі айдан кейін бізді жан-жаққа жіберді. Ерқасым, Бозаман үшеуіміз бірге соғысқа аттандық. Көп ұзамай бауырым, құрдасым Бозаман көз алдымызда оққа ұшты. Менен Ерқасымды да бөліп жіберді. Мені Украина жеріне жіберіп, талай ауыр жағдайлар басымнан өтті. Орысша білмеймін, қағаз танымаймын. Соғыста барлаушы да болдым. Қасым Қайсеновпен 8 ай бірге болдым. –Әскемендікімін деп айтатын. Өте жақсы жігіт еді. Менен 18 жас кіші болатын. Сол соғыстан 14 баладан



Ерқасым екеуміз аман-сау елге оралдық. 1947 жылы күзде келдім. Колхоздың қойын бақтым. Үйлендім. Сен 1949 жылы сәуір айында дүниеге келдің. Өзім жалғыз болғасын, есімінді Досым Серік деп қойып ем, оны ауылдастар өзгертіп, Досымов Серікбай деп ат беріпті»,-деп айтатын. Әкесі атақты орденді қойшы болды.

Серікбай Досымұлы аудандағы техникалық училищеге түсіп, тракторшы шоферлық мамандығын алып шығады. Ауылда механизатор, шофер болды. Сол туған елін басқарды. Ерен еңбектің арқасында бірнеше орден, медаль тақты. Депутат, облыстық партия комитетінің пленнум мүшесі атанған. Бірнеше рет шет елдерде болды.

Жанұясында 8 бала тәрбиелеп өсірді. Ұлқыздары өздері үйлі болып, балалы-шағалы болды. Бүгінгі таңда немере-шөбере сүйіп отырған бақытты жандардың бірі.

Жалтыр еліне көшіп келіп, 2012 жылға дейін теміржолда істеп, зейнеткерлікке шықтым,-дейді Серікбай аға.

Серікбай аға жазушы. «Айдыннан ұшқан аққулар», «Өлеңім – өнерім» атты кітаптардың авторы. Сонымен қатар, ол адам өлеңші, домбырашы, батагөй ақсақал. Бірнеше байқаулардың лауреаты. Сан өлеңдері Астрахан, Жалтыр туралы жазылған. Мақалалары аудандық газетте шығып тұрады.

Ағамыз қазіргі заман серісі. Сәуле жеңгеміз екеуі бақытты жанұя. Еліне әрдайым амандық тілеп жүрген ақсақал. Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын демекпін.

**Жаңбырбай ОРМАН,**
**Астрахан ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

## ЧИСТОТА СЕЛА ЗАВИСИТ ОТ НАС

**Продолжается месячник по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий в каждом из населенных пунктов Астраханского района.**

Активно проводятся работы по уборке и благоустройству территорий в селе Астраханка. Уборку прилегающих территорий провели коллективы Агротехнического колледжа, Казпочта, Астраханские ООШ№1и №2, детский сад «Алпамыс», ТИК, ЦРБ, СЭС, филиалы «JusanBank» , «Болашак», ЦДЮТ, Отдел образования.







Вторая неделя посвящена работам по благоустройству исторических и культурных памятников. Также проводится уборка прилегающих к ним территорий.

В рамках проводимого месячника « Чистый Казахстан» сотрудниками всех организаций на улицах села проводится подбелка и обрезка деревьев.

Следующая неделя посвящена озеленению. Будет проводиться высадка молодых саженцев деревьев сёл Астраханского района и села Астраханка.

**Соб. инф.**

## ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРҒАН ТИІМДІ

**АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ**

**Қоғамдық қарым-қатынастар барысында туындайтын түрлі дау – дамайларды тиімді заңнамалық тұрғыда реттеуеудің тиімділігі артпақ.**



Қоғамның құқықтық сауатын үнемі арттырып отыру қажеттілігін туындататын себептің тағы бірі, ол жаңа заңдардың қабылдануы немесе кейбір заң актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар. Бұл адам құқығын оданда тиімді қамтамасыз ету үшін керек. Мәселен, даулы сұрақтарды реттеуде «Медиация туралы» заң әрекет етеді. Осыған сәйкес азаматтар дауды сотқа дейінгі келісім арқылы шеше алады. Мұның тиімділігі дауласушы тараптардың уақыты мен қаражатын үнемдеуінде. Медиация рәсімі қолданылмайтын даулар санаты да бар. Яғни, даулар (жанжалдар) медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға), сондай ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Өркениетті елдердің тәжірибесі дегенімізбен, медиация қазаққа мүлдем тансық емес. Төрелігіне, жүгінгендерді ары қарай тартыстырмай, татуластырып, бітімге келтіру кешегі билерімізге тән дәстүр. Ендеше, дауды сотқа дейін реттеудің бұл тәсілі – көненің жаңа заманға лайықталып, қайта жаңғыруы.

**К. АБЕНОВА,**
**Астрахан аудандық сот әкімшісінің басшысы.**

## ОБЛАСТНОЙ ТУРНИР ПО ВОЛЕЙБОЛУ

**СПОРТ**

**На прошлой неделе в селе Астраханка, ГККП «Физкультурно-оздоровительный комплекс «Жастар» и ГУ «Отдел культуры и развития языков, физической культуры и спорта Астраханского района» совместно с Молодёжным ресурсным центром провели соревнования - открытый областной турнир по волейболу среди девушек. Турнир был посвящён памяти заслуженного тренера Республики Казахстан С.Г. Мухамеджанова.**

Волейбол – это вид спорта, командная спортивная игра, в процессе которой две команды соревнуются на специальной площадке, разделённой сеткой, стремясь направить мяч на сторону соперника таким образом, чтобы он приземлился на площадке противника, либо чтобы игрок защищающейся команды допустил ошибку. При этом для организации атаки игрокам одной команды разрешается не более трёх касаний мяча подряд.

В соревнованиях принимали участие команды «Ковыленка», «Легенды», команда села Астраханка.

В борьбе за призовые места команды показали свои сплоченность, командную поддержку, мастерство и проявили огромную волю к победе.

По итогам проведенного турнира золото завоевали хозяева - команда села Астраханка, второе место заняли гости команда «Легенды», и бронзовую медаль за третье место увезла с собой команда «Ковыленка» . Победители были награждены грамотами, медалями и ценными подарками.

Мы от всей души поздравляем наших золотых призеров с победой! Желаем быть всегда на высоте и уверенно достигать новых спортивных вершин в данном виде спорта!

**Соб. инф.**



## ДІНИ БІЛІМДІ АРНАЙЫ ДІНИ МАМАНДАРДАН АЛУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН***

**Білім алу, сауатты болу – Ислам дінінің ең басты талабы, әрі парызы. Айтар болсақ, қасиетті Құранда: «Адамдарға баян еткен бұл мысалдарды ғалымдар ғана түсіне алады», – дейді. Олай болса, Құранды түсіну үшін адам, ең алдымен, ғылымға ден қою керек. Осы тұста тәуелсіздік алған жылдары еліміздің жастары діни білім іздеп алыс-жақын шет елдерге шықты.**

Сол арқылы шынайы дін деп дәстүрімізге, ұлттық санамызға жат идеологияны импорттады. Жат ағымдар ғасырлар бойғы тарихи санамызбен шариғат негізінде қалыптасқан құндылықтарды халықтың бойынан жойып жіберуге күш салып әрекет етсе де, көкірек көзі ашық жандар, білім иелері, ағартушы ғалымдар, қарапайым өз дәстүріне берік халық жат ағымдарға барынша тойтарыс беріп ұлттық болмысымызды сақтап қалуға күш салуда. «Дін асылын діннен ізде», - деп Шәкәрім атамыз айтқан аталы сөзбен Ислам қағидалары кереғар келіп, дін асылын адамнан, белгілі бір деструктивті жат ағымдардан іздейтін жандардың қатары көбейіп, ел ішіне алауыздық салып жүргенін көзіміз көріп жүр. Енді, бұл ағымдарға қалай тойтарыс береміз?-деген сұрақ баршамызды мазалайды. Ол үшін әр азамат өз ұлтының патриоты, дәстүрін құрметтейтін, шариғаттың белгілі бір қағидаларын білетін, зайырлы білім алған, сыни тұрғыдан ойлана алатын болғаны дұрыс.

Қазіргі таңда елімізде дінге қызығып, шариғат негіздерін білуге қызығушы жандар қатары күннен-күнге өсуде. Осы тұста, кез-келген адамның бойында сыни тұрғыдан ойлана білу қабілеті болғаны дұрыс. Ол үшін әртүрлі тақырыпта кітаптар оқып, ізденіс үстінде болған жөн.Ғаламтор арқылы белгілі бір ақпараттарға қол жеткізуіңіз мүмкін, алайда ол шынайы білім емес. Діни білімді де сол саланың маманынан алу керек. Осы тұста елімізде діни білім беретін ЖОО бар.

Атап айтсақ, зайырлы білім берудің бөлігі ретіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н.Гумилев атын¬дағы ЕҰУ-де, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ мен «Нұр Мүбәрак» университетінде және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Шет тілдері және іскерлік карьера университетінде және Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университетінде дінтану мамандар даярланады. Бүгінгі күні жастарымыздың діни білім алу мақсатында шет елдерге баруына аса бір қажеттілік жоқ деп айтуға болады.

Жоғарыда көрсетілген университеттер елімізге танымал, білікті оқытушылық құраммен жасақталған. Әлем елдерінен келген профессорлар ізденушілерге дәріс оқып, жастарымыздың білімін арттыруға септігін тигізуде.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өз Отанында бастапқы діни білім алуды және одан кейін ғана теологиялық білімді жетілдіру үшін шетелге шығуды ұсынатынын атап өткім келеді. Одан әрі, Египеттегі «әл-Әзхар», Ресей Ислам университеті, Малайзия Халықаралық Ислам университеті, Туркиядағы «Стамбул», «Мармара», «Анкара», «Селжұқ» университеттері, «Хасеки» Муфтилар даярлау орталығында білімді жетілдіруге болады. Осы оқу орындарын бітіріп келеген мамандар еліміздің әр өңірінде қызмет етуде.

Яғни, өз елімізде де білімі терең ұстаздарымыз жетерлік, әрі олардың саны жыл сайын артып келеді.

Мешітте және одан бөлек жерлерде де білікті мамандар күнделікті онлайн-дәрістер өткізіп, халықтың сауатын арттыруға бағытталған жұмыстарды атқарып жатыр.

Қорыта айтқанда, интернет желісінен білім алудың қажеттілігі жоқ екенін, оның орнына әр мешітте сауат ашу курстары жұмыс істейтінін айтқымыз келеді.

«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»,- деп айтқан. Халқымызда «ұстаздың алдын көрген» деген сөз бар. Ұстаздан білім алған баланың бойында үлкенге құрмет көрсету, ұлтжандылық және кірпіш сияқты қаланған діни білімі болады. Сол үшін әр ата-ана үйде баланы кішкентайынан ертегі-қиссалармен өсірсе, ұстаздың алдына барған баланың бойында білсем, көрсем, жасасам деген ұстанымдар болады деген сенімдеміз.

**Абзал САРДЕНОВ,**
**Ақмола блысы Дін**
**істері басқармасының**
**«Конфессияаралық**
**қатынастарды талдау және**
**дамыту орталығы»**
**КММ теолог маманы.**

## ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗДЫ ӨЗІМІЗ БАҚЫЛАЙ АЛАМЫЗ




**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев медицина саласы қызметкерлеріне (Сіздер халықтың денсаулығын жақсартып, ұлт сапасын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Қазақстанда медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болу үшін барлық жағдай жасалуда. Мемлекет денсаулық сақтау саласына әрдайым айрықша көңіл бөледі. Көптеген заманауи емдеу орындарының салынуы, білікті мамандарды даярлауға бөлінетін грант санының көбеюі, осы сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетілуі - соның айқын дәлелі. Түптеп келгенде, мұның бәрі салауатты қоғам қалыптастыруға ықпал етеді» деп атап өтіп, «Әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс» дегенінен баршамыз хабардармыз.**

Иә, тапсырма қай уақытта да орындалуымен құнды. Бүгінде елемізде осы бағытта көптеген жұмыстар жасалып, уақыт талабына сай цифрландыру іс жүзінде жүзеге асып келеді. Соның бір көрінісі – «Даму-мед» мобильді қосымшасы.

Алайда бұл қосымшаның қолданысқа енгенімен халық толықтай пайдаланып, меңгеріп кетті деу артықтау болар. Шындығын айту қажет, осынау тиімділікті қамтамасыз етіп отырған қосымшаны түсіне бермейтіндер бар. Бірақ біз оның қолжетімділікті арттырып отырғанын ескере отырып, қосымшаның көптеген қиындықты, сауалды шешуге қолайлы екенін айтып, ақпараттандырудан жалықпаймыз. Олай болса, «Даму-Мед» мобильді қосымшасының беретін мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы тағы бір мәрте айтып кетейік.

«ДАМУ» ақпараттық технологиялық орталығы дайындаған электронды жоба. Бүгінде кешенді медициналық ақпараттық жүйенің бір бөлігі саналатын қосымшаға тіркелу үшін ұялы телефон нөмірі мен жеке куәліктің ЖСН нөмірін теру жеткілікті. Ал, оған кіре алмаған жағдайда телефон нөмірін қосуға өтінім береді. Ол үшін ЖСН нөмірі бар жеке куәліктің фотосуретін түсіріп жіберу керек. Себебі, құжаттың суреті жеке тұлғаны растау үшін және медициналық ақпаратты басқа адамдардан қорғау мақсатында талап етіледі. Өтінішті медициналық ұйым қызметкерлері қабылдап, ұялы телефонға SMS хат арқылы код жолдайды. Яғни, әр тұрғын өз облысын таңдап, «кіру» тетігі арқылы ұялы телефон номері мен ЖСН-ді тіркеп, смс-пен келетін құпия кодты күту керек. Келген кодты тіркегеннен кейін «рұқсат ету» батырмасын басу керек. Яғни, ЖСН-ді енгізгеннен кейін тұрғынның қай емханаға бекітілгені және емдеу дәрігерінің аты-жөні автоматты түрде шығады.

Ал тіркелгеннен кейінгі мүмкіндіктер қандай? Сол жайлы айтып кетер болсақ, адам өзіне ыңғайлы күнді таңдап, дәрігер қаралуына жазылу, емделуші дәрі-дәрмектердің рецебін алуға, зертханалық тексеру нәтижелерін көруге, ал бала науқастанған жағдайда дәрігердің қабылдауына жазылуға, еңбекке жарамсыздық парағын, білім беру мекемелері үшін анықтаманы емханаға бармай-ақ, осы қосымша арқылы алуға болады.

Сондай-ақ, «Дабыл түймесі» модулі арқылы 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары, жүкті әйелдер мен диспансерлік есепте тұратын науқастар бір түймені баса отырып, жедел жәрдемді шұғыл түрде үйіне шақыра алады.

Сол себепті біз, яғни денсаулық сақтау саласының мамандары әлі де болса аталған ұялы қосымшаны енгізуге кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізуіміз керек. Ондағы мақсат өздеріңіз оқып, біліп, көріп отырғандай дәрігердің және ауруханаға келген емделушінің уақытын тиімді пайдалануды таптырмас жолы.

Айта кететіні, 18 жасқа дейінгі балалар ата-анасының ұялы номері арқылы тіркеледі. Ал, 18 жастан асқан тұрғынның жеке ұялы телефон номерімен қосымшаға тіркеледі.

Аталған қосымшаның тағы бір артықшылығына тоқтала кеткен жөн болар. «Даму-Мед» мобильді қосымшасының тағы бір артықшылығы қалалық, облыстық дәрігерлердің қабылдау кестесін көруге болады. Сондай-ақ «Даму-Мед» мобильді қосымшасына бір рет тіркелген тұлға жыл сайынғы флюорографиялық тексеріс, скринингтік тексерулерді қай уақытта өтетіндігі жөнінде еске салу хабарламалары келіп отырады. Аталған жүйедегі мәліметтер халыққа түсінікті тілде жеткізілген. Оның ішінде жүкті әйелдерге барлық жағдай қарастырылған, оларға түрлі кеңестер бар. Мәселен, «Апта сайын бала қалай дамиды? Жүкті келіншек қандай тағамдарды тұтыну керек?» деген сауалдарға жауаптар берілген. Сондай-ақ, перзентханаға қандай заттар алып бару қажеттігіне дейін көрсетілген. Әсіресе, бұл – жас аналар үшін қолайлы мүмкіндік.

Міне, біз осындай кең ауқымдағы мүмкіндікті көре отырып, салғырттық танытпауымыз керек деп есептеймін. Бүгінгі қоғам техника мен технологияның, ғаламтордың көшілгері қадам басқан уақытында интернеттің игілігін жақсы жағынан пайлануға әр адам құқылы әрі мүдделі. Өзіміздің, баламыздың, жақындарымыздың денсаулығы өз қолымызда екенін ұмытпайық.

**Өз тілшіміз.**

## 70 ЛЕТ СО ДНЯ ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ

*«Ленинское Знамя» от 5 июля 1954 года.*

# ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НА ЦЕЛИННЫЕ ЗЕМЛИ

*В главное переселенческое управление Министерства сельского хозяйства Казахской ССР поступила первая заявка на переселение в колхозы районов освоения целинных залежных земель республики более 200 семей из Украинской ССР. Сейчас в Кустанайской, Акмолинской, Актюбинской, Северо-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Кокчетавской, Карагандинской и Павлодарской областях уточняются и определяются колхозы, нуждающиеся в переселенцах.*

*По предварительным подсчетам в текущем году в районы освоения целинных земель республики могут быть переселены более 35.000 семей.*

(КазТАГ.)

# МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АТТЕСТАЦИЯСЫ ҚАШАН БАСТАЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

**Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев педагогтердің білімін бағалаудың мерзімі бекітілгенін мәлім етті.**

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу мерзімдері мен біліктілік санаттарын беру, растау рәсімдері биыл 17 сәуір мен 1 қыркүйек аралығында өтеді деп бекітілді. Осылайша аттестаттау қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістерге сәйкес педагогтердің білімін бағалау, яғни тестілеу жүргізу биыл 18 сәуір мен 13 мамыр аралығында өтеді, - деді комитет басшысы.

Оның сөзінше, 17 сәуірден бастап Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында онлайн тіркелу ашылады. Биыл аттестаттау мерзімі келген барлық мұғалім еркін тіркеле алады.

Тестілеу өңірлердегі тестілеу өткізу пунктерінде алтаның алты күнінде үздіксіз өтеді. Осылайша барлық педагогке тестілеуден өтуге жағдай жасалып отыр. Бірінші рет тестілеу тегін, ал екінші рет ақылы негізде өтеді, - деп айтты Қаныбек Жұмашев.

Комитет төрағасы атап өткендей, су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлердің педагогтер үшін тестілеу мерзімі тамыз айына ауыстырылды. Ал тұрғын үйінен айырылған педагогтердің аттестаттау кезеңі бір күнтізбелік жылға шегерілді.

**Өз ақпаратымыз.**



# ОБРАБОТКА ОЧАГА ТУБЕРКУЛЕЗНЫХ БОЛЬНЫХ

Очаг туберкулезной инфекции – это место пребывания больного туберкулезом вместе с окружающими его людьми и обстановкой, где возможна передача микобактерий туберкулеза здоровым людям, находящимся в окружении больного, с последующим развитием у них туберкулеза.

Очагом может оказаться жилище больного (квартира, дом, общежитие), место его работы, обучения, воспитания, лечения, а также коллективы и группы людей, с которыми он общается постоянно, периодически или временно. Кроме того, очагом туберкулеза может быть признан весь небольшой населенный пункт (деревня, поселок), если его жители тесно общаются между собой.

Противоэпидемическая работа в очагах туберкулеза ведется совместно фтизиатрической и санитарно-эпидемиологической службой, которая состоит из трех этапов: первичное обследование и проведение первичных мероприятий, динамическое наблюдение за очагом и подготовка к снятию его с учета.

Первоочередными мероприятиями, которые необходимо выполнить в очагах туберкулезной инфекции являются: стационарное лечение больного; проведение заключительной (или текущей) дезинфекции; обследование контактных лиц (проведение флюорографического обследования, проб Манту, бактериологического обследования, общих клинических анализов); химиопрофилактика контактных; изоляция детей и подростков от бактериовыделителей; санитарно-гигиеническое просвещение больного и членов его семьи.

Лица, находящиеся в контакте с источниками туберкулезной инфекции подлежат регулярному профилактическому обследованию на туберкулез 1 раз в 6 месяцев.

Важным этапом санитарной профилактики является дезинфекция в очаге туберкулеза. Дезинфекция может быть заключительной и текущей. Заключительная дезинфекция проводится после того, как больной выбыл из квартиры (госпитализирован, сменил место жительства, умер). Осуществляют заключительную дезинфекцию сотрудники организаций дезинфекционного профиля.

В очагах туберкулезной инфекции проводится обеззараживание помещения, предметов обстановки и других объектов, которые могут быть заражены и служить фактором передачи инфекции. Вещи подлежат камерной дезинфекции (постельное белье, верхняя и носильная одежда, ковры, дорожки, книги), кипячению (белье, посуда, игрушки, предметы ухода и т.п.). Помещение обрабатывают химическими растворами, ультрафиолетовым облучением, мусор и малоценные вещи сжигают.

Текущая дезинфекция должна выполняться, в течение всего времени пребывания больного в очаге. Осуществляется самим больным или членами его семьи. Медицинские работники противотуберкулезного учреждения обучают больного и членов его семьи правилам и методам проведения дезинфекции, правилам личной гигиены, контролирует наличие дезинфицирующих средств в очаге.

Больной должен собирать мокроту в специальные плевательницы с последующим ее обеззараживанием. Больному выделяют отдельную комнату, при невозможности – ее большую часть. В комнате оставляют вещи, которые легко поддаются дезинфекции, мытью, очищению и обеззараживанию. Мягкая мебель удаляется.

У больного должны быть отдельная кровать, индивидуальные постельные принадлежности, предметы быта, посуда. Необходимо соблюдать правила личной гигиены (чистота рук и тела, своевременная смена белья и постельных принадлежностей).

